

«Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернатының» педагог-психологы Б.Рахимованың психологиялық қызмет бойынша 2025-2026 оқу жылындағы атқарған жұмыстары туралы тоқсандық есебі

2025 - 2026 оқу жылының басында мектеп директорының келісімі бойынша жылдық жоспар түзілді. Соның негізінде айлық, апталық жоспарлар жасалынып, жоспар бойынша уақытылы психодиагностикалық, психокоррекциялық, психорофилактикалық жұмыстар жүргізіліп, нәтижесі тоқсан сайынғы педсоветте істелінген жұмыстардың есебі беріліп отырды.

Қыркүйек айында 7-11 сыныпқа жаңадан келген оқушыларға психологиялық картасы түзілді. 7-сынып оқушыларына «Менің отбасым», 8-9 сынып оқушыларына «Менің ең жақын досым», 10-11 сынып оқушыларынан «Менің арманым» тақырыбында эсселер жазылып тексерілді. 7-11 сынып қыздары арасында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» тақырыбында қыздардың жиналысы өткізілді. Тәрбиесіне байланысты әңгіме кеңестер берілді. Қыркүйек айында 7-9 сынып оқушыларынан С.Г.Корчагинаның «Жалғыздық сауалнамасы» алынды, 10-11 сынып оқушыларынан Д.Рассел мен М. Фергюсонның Жалғыздық субъективті сезім деңгейін диагностикалау әдістемесі алынды. 7-сынып оқушыларының темпераменттерін анықтау үшін зерттеу жұмысы жүргізілді. №93 бұйрыққа сәйкес мектеп ішілік ата-аналар жиналысында, ата-аналарының (немесе заңды өкілі) жазбаша түрдегі келісім шарты алынды. Сезімді түсіну-өзінді танудың алғашқы қадамы тақырыбында 7-11 сынып оқушыларына Воркшоп тренинг өткізілді.

Қазан айында 1-қазан халықаралық қарттар күніне орай мектеп интернатындағы әлеуметтік мәртебесі бар оқушылармен, ДТЖО Н.Нұрмағанбетов пен әлеуметтік педагог Байбосынова Лаззат апаймен біргелікте мұқтаж жандарға қамқорлық жасау, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға, қайырымдылық көмек ұйымдастырылды. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Қауіпсіз балалық шақ» тақырыбындағы жобаның жоспарымен мектеп инспекторы Турмағанбетов Қылышбек ағаймен апта сайын оқушылармен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жат қылықтардың алдын алу мақсатында ұл балдардан «Құқық бұзушылықтың алдын алу» сауалнамасы алынды. «Бір толқында- ортақ ырғақ, ортақ мақсат, ортақ жауапкершілік» тақырыбында 7-11 сынып оқушыларымен воркшоп тренинг өткізілді. «Өз-өзіңмен қайта кездес: шаршаудың шынайы себебін түсіну тренингі өткізілді. «Ерте жүктіліктің ертеңі күмәнді» тақырыбында 7-11 сынып оқушы қыздарына, орталық ауруханасының акушер-гинеколог дәрігер апайымен кездесу өтті. «29 қазан-қамқоршылар күні» мерекесі аясында мектебімізде әлеуметтік осал топтан шыққан оқушылар бар болғандықтан, әлеуметтік педагог Байбосынова Лаззат апаймен бірігіп балалар мен олардың қамқоршылары және олардың заңды өкілдері арасында қарым қатынасты күшейту және

отбасы құндылығын арттыру мақсатында «Балама қандай жылулық беремін» атты тренинг өткізілді. Қажетіне қарай оқушыларға психологиялық кеңестер берілді.

Қараша айында оқушылардың кәсіби бағдарын анықтау мақсатында 9-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Аутодеструктивті мінез-құлқы бар оқушыларды анықтау мақсатында 8-11 сынып оқушыларынан А.Т.Бектің «Үмітсіздік шкаласы» алынды. «Мен есейгенде ... кім боламын?» кәсіби бағдар мен болашақ мамандықты саналы таңдау тақырыбында 7-11 сынып оқушыларына воркшоп тренингі өткізілді.

Желтоқсан айында Девиантты мінез-құлқы бар оқушыларды анықтау мақсатында: У.Кук пен Д. Медлидің «Өшпенділік шкаласын» 10-11 сынып оқушыларынан алынды. 7-11 сынып оқушыларынан Ден Олвеустің «Буллинг» сауалнамасы алынды. «Саған қалай қарайды» экспресс-сауалнамасы 7-11 сынып оқушыларынан алынды. «Қауіпсіз орта-ортақ жауапкершілік» қауіпсіз психологиялық орта қалыптастыру, буллингтің алдын-алу мәдениетін дамыту мақсатында 7-11 сынып оқушыларынан воркшоп тренингі алынды.

Қаңтар айында 7-11 сынып оқушыларынан «Тұлғалық психикалық жағдайын өзін-өзі бағалауы» бойынша Г.Айзенк әдістемесі бойынша сауалнамасы алынды. Балаға қысымсыз орта құру: бірлескен жауапкершілігі бойынша ағартушылық жұмыстары жүргізілді. Қауіпсіз эмоционалдық экспрессия тәсілдерін дағдыландыру бойынша 7-11 сынып оқушыларына түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. 7-11 сынып оқушыларына өзін-өзі бағалауды қалпына келтіру және қолдаушы ішкі диалогты дамыту түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Ақпан айында жасөспірім оқушылардың репродуктивті девиантты мінез-құлқын түзету және жыныстық жауаптылықты қалыптастыру бойынша түзету-дамыту жұмыстарын 7-11 сынып оқушыларымен жүргізілді. Денсаулық пен жауапкершілікті дұрыс таңдау бойынша ағартушылық воркшоп тренингін 9-11 сынып оқушыларымен жүргізілді. Жасөспірімдердің әл-ауқатының шкаласы, авторы Кэрол Риффтың әдістемесін 7-9 сынып оқушыларынан алынды. С.Мадли, бейімдеген Д.Леонтьевтің өміршеңдік диагностикалау әдістемесін 10-11 сынып оқушыларынан алынды.

Наурыз айында Спилбергер-Ханиннің мазасыздық шкаласын 7-11 сынып оқушыларынан алынды. «Қауіпсіз орта-сенімді кадам» воркшоп тренингін 7-11 оқушыларымен жұмыс жасалды.

Сәуір айында С.Г.Корчагинаның жалғыздық сауалнамасын 7-9 сынып оқушыларынан, Д.Рассел мен М. Фергюсонның жалғыздықтың субъективті сезім деңгейін диагностикалау әдістемесін 10-11 сынып оқушыларынан алынды. Жоғары сынып оқушыларының жалпыланған мазасыздық күйін

төмендету және когнитивті-эмоциялық өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру бойынша түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Мамыр айында аутоагрессияның алдын алу мақсатында, ерекше назар аударуды талап ететін оқушылар мен ата-анасының, сынып жетекшінің сұранысы бойынша психологиялық түзету - дамыту және әңгіме - сұхбаттар жүргізіліп отырды, сонымен қатар, оқушылардың арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу үшін психологиялық ағарту жұмыстары уақытында атқарылды. Сонымен қатар, осы айда бітіруші сынып оқушыларымен "Сенімділік күш береді", тақырыптарында мини лекция, тренинг жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар 11 - 9 сынып оқушыларымен ҰБТ –ға, емтиханға дайындықтарын күшейту мақсатында тренинг жаттығулары ұдайы жасалып оқушылармен жекелей кеңестер жүргізілді .

Ұсыныс:

1. Әр бір сынып оқушылары мен жеке және топтық кеңес беру жұмыстары, диагностикалық әдістемелер ұйымдастырылсын.
2. Мектепте өтілетін түрлі іс-шараларға ата –ананы қатыстыру және мектеп пен ата –ана тығыз байланыста болсын.

Педагог психолог:

Б.Рахимова